

Қазақстан Республикасына жекелеген тауарлар әкелуге квоталар берудің тәртібі мен шарттары туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 130 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1537. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика және Минералдық ресурстар министрінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 91 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және Минералдық ресурстар министрінің 2009.04.03 N 91 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасына жекелеген тауарлар әкелуге шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 457 P010457_ қаулысының 2-тармағын іске асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасына жекелеген тауарлар әкелуге квота берудің тәртібі мен шарттары туралы" Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Мұнай өнеркәсібі департаментіне:

1) Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің К е д е н к о м и т е т і м е н к е л і с у ;

2) Нұсқаулықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз ету;

3) квота беруге құжаттарды қарау;

4) берілген квоталардың есебін жүргізу;

5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің Кеден комитетіне квота беру туралы шешімге қол қоюға құқығы бар уәкілетті тұлғалар қолдарының үлгілері мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мөрінің үлгісін беру;

6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің Кеден комитетіне квота беру туралы шешімдер беру жүктелсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар Вице-Министрі Н. Қаппаровқа жүктелсін. 4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Министр **КЕЛІСІЛДІ БЕКІТІЛДІ** Қазақстан Республикасы Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Энергетика және минералдық Кеден комитеті ресурстар министрінің бұйрығы 2001 ж. 23 мамырда N 2001 жылғы 11 мамырдағы N 130 Қазақстан Республикасына жекелеген тауарлар әкелуге квоталар берудің тәртібі мен шарттары туралы НҰСҚАУЛЫҚ

1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасындағы кедендік іс туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына және "Қазақстан Республикасына жекелеген тауарлар әкелуге шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 457 P010457_ қаулысына (одан әрі - Қаулы) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасына жекелеген тауарлар әкелуге (импорт) квота берудің тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықтың күші ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны мен тіркелген орнына қарамастан, шетелдіктерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы заңды және жеке тұлғаларға тарайды.

3. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасына әкелінуі кезінде квоталанатын тауарлардың Қаулымен бекітілген, осы Нұсқаулыққа тіркелген N 1 қосымшада келтірілген тізбесі негізі болып табылатын квоталаудың бірыңғай жүйесі жүреді.

4. Қаулымен бекітілген тізбе бойынша тауарларға квота бөлуді және беруді Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жүзеге асырады.

5. Квоталар бойынша жекелеген тауарлар әкелуді жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі - өтінуші) Министрлікке мынадай құжаттарды беруге міндетті:

1) осы Нұсқаулыққа N 2 қосымшаға сәйкес жазбаша өтініш;

2) заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркелгендік туралы куәліктің көшірмесі;

Жеке тұлғалар үшін - жеке куәліктің көшірмесі;

жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін - жеке кәсіпкер (патент) ретіндегі, нотариуспен расталған жеке куәліктің көшірмесі және мемлекеттік тіркелгендік туралы куәліктің көшірмесі;

3) технологиясы әкелінетін тауарларды пайдаланбайынша (олардан араластыру компаундирлеу немесе тұнба мен қоспаларды енгізу жолымен алуға емес) мүмкін емес тауарлардың әрі қарай өндіріс үшін шикізат ретінде пайдаланылу мақсатында әкелінетіндігін растайтын жеткізілімге арналған шарттың (келісім-шарттың) көшірмесі және міндетті қайтарым шартымен беттестіруге арналған шарттың түпнұсқасы;

4) егер де тұтынушыға тауар жеткізуші ретінде делдал жүрген жағдайда өтінуші, делдал және тұтынушы арасындағы шарттың көшірмесі және міндетті қайтарым шартымен беттестіруге арналған түпнұсқа;

5) өтінушінің әкелінетін тауарды қайта өңдеуші өндірісте пайдалануға арналған тікелей техникалық-экономикалық негіздемесі;

6) "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес лицензиялауға жататын тауарларға лицензияның көшірмесі және міндетті қайтарым шартымен беттестіруге арналған түпнұсқа;

7) тауардың шығу тегі туралы шығарған елдің құзыретті органы берген с е р т и ф и к а т .

2), 3), 4), 6) тармақшаларда көрсетілген құжаттар бірінші басшының қолымен және өтінушінің мөрімен, егер ондай болса, расталған ксерокөшірмелер түрінде беріледі. Мұндай талап жеке тұлғаға жүрмейді. Ұсынылған мәліметтердің растығына жауапкершілік өтініш берушіге жүктеледі.

Өтінуші ұсынған құжаттар Министрліктің деректер базасында тіркелуге ж а т а д ы .

Деректер базасы - қаулымен бекітілген тізбе бойынша тауарлар әкелуге берілген өтініштер, берілген квоталар туралы ақпараттың және жеңіл және орта дистилляттар рыногының мониторингі мен қаулының орындалуын бақылау үшін қажетті, оларды пайдалану жөніндегі ақпараттың жиынтығы.

6. Министрліктің салалық департаменттері тауарды әкелуге квота беру к е з і н д е :

1) әкелінетін тауардың заттай алғандағы көлемін анықтайды;

2) әкелу мерзімдерін анықтайды.

7. Министрлік бекіткен квоталар көлемі Министрлік бланкісінде уәкілетті тұлғалардың қолы қойылып, мөрмен расталған хат түрінде ресімделеді.

8. Құжаттарды қарау мерзімі құжаттардың толық жинақтамасымен өтініш алынған күннен бастап 3 жұмыс күнін құрайды.

9. Өтінушіге берілетін квота Министрліктің деректер базасында тіркелуге ж а т а д ы .

10. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес келісім-шартқа (шартқа) енгізілген тауарлардың атауларының санына тәуелсіз квота тауардың бір түріне беріледі.

11. Квота бір мәміле бойынша импорттық операцияны жүзеге асыру үшін квота берілген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге беріледі.

12. Квотаның қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ 2001 жылғы 31 желтоқсанына дейінгі мерзімнен аспауы тиіс. Квотаның қолданылу мерзімі ұзарту үшін оның иесі Министрлікке жазбаша нысанда уәжді өтінішін жібереді. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі квотаның қолданылу мерзімін ұзартуды Қазақстан Республикасы

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бланкісінде қосымша хат ресімдеу жолымен жүзеге асырады.

13. Министрлік Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне (бұдан әрі - Комитет) квотаның көлемін, сондай-ақ көрсетілген тауарларды ресімдеудің кедендік органын жолдайды.

14. Министрлік Комитетке министрліктің уәкілетті тұлғалары қолының үлгісін және квотаны растайтын мөрдің басылымын жеткізеді.

15. Квота иеліктен шығарылмайтын, яғни өтінуші басқа да жеке немесе заңды тұлғаға тапсырмайтын болып табылады. Квота бір тауардың импортына онда көрсетілген мерзімдерге рұқсат болып табылады және квоталанатын тауарды кедендік ресімдеу үшін негіздің бірі болып қызмет атқарады.

16. Министрлік мына жағдайларда себептерін көрсете отырып, үш ай мерзімге дейін квотаның қолданылу күшін тоқтата тұруға құқылы:

өтінуші тиісті өтініш жасағанда;

лицензияланатын тауар түрлеріне арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылғанда;

әкелінетін квоталанатын тауарлар мақсатсыз жұмсалғанда;

өтінуші Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;

сот өтінушінің квоталанатын тауарды әкелумен тікелей байланысты қызмет түрімен айналысуға тыйым салғанда.

Берілген квотаның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім өтінушіге және Комитетке жазбаша нысанда жеткізіледі.

17. Квота қайтадан Министрліктің шешімі қабылданғаннан кейін жаңартылуы мүмкін және жаңарған болып саналады, ол 3 күндік мерзім ішінде өтінушіге және Комитетке жазбаша нысанда жеткізіледі. Бұл ретте соттың шешімі бойынша квотаның күші тоқтатылған жағдайда Министрліктің шешімі өтінушінің шаруашылық қызметіне тыйым салу немесе тоқтату туралы соттың тиісті шешімі жоққа шығарылғаннан кейін шығарылады.

Тоқтатыла тұру күнінен бастап үш ай мерзімнің өтуі бойынша квотаның тоқтатыла тұру күші жаңартылмаған жағдайда квота күшін жоғалтқан болып саналады.

18. Квотаның қолданылу мерзімінің өтуі бойынша Комитет Министрлікке оның орындалуы туралы мәліметтер жібереді.

19. Министрліктің тауарлар импортын квоталауға байланысты шешімдері мен іс-әрекеттері сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін.

"Қазақстан Республикасына

жекелеген тауарларды әкелуге квоталар берудің тәртібі мен шарттары туралы"

нұсқаулыққа

N

1

қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде квоталанатын тауарлардың тізбесі _____

_____ N СЭҚ ТН Тауардың атауы 2001 жылғы 31 Тауар импортына р/с коды желтоқсанға арналған дейінгі квота лицензияның көлемі қажеттілігі _____

_____ жеңіл дистилляттар _____

_____ 1. 271000110 ерекше процестерді 1000 тонна жоқ өңдеу үшін 2. 271000150 271000110 тәуелді 2000 тонна жоқ қосалқы позицияда көрсетілгеннен басқа процестерде химиялық өзгертулер үшін _____

арнайы бензиндер: _____

_____ 3. 271000210 уайт-спирит 100 тонна иә 4. 27100250 басқалар 1000 тонна иә 5. 271000390 өзге де жеңіл 50 тонна иә дистилляттар 6. 271000410 ерекше процестерді 50 тонна иә өңдеу үшін 7. 271000450 271000410 тәуелді 50 тонна иә қосалқы позицияда көрсетілгеннен басқа процестерде химиялық өзгертулер үшін _____

"Қазақстан Республикасына
жекелеген тауарларды әкелуге квоталар берудің тәртібі мен шарттары туралы"
нұсқаулыққа N 2 қосымша
Ө Т І Н І Ш

1. Өтінуші - ұйым, мекен-жайы, телефоны
2. Тауардың атауы
3. Тауардың СЭҚ ТН коды, оның сипаттамасы
4. Тауардың әкеліну мерзімдері квотаның қолданылуы
5. Тауарды тұтынушы - ұйым
6. Тауардың әкеліну мақсаты
7. Өтінушінің қолы

М а м а н д а р :
О м а р б е к о в а А . Т .
И к е б а е в а Ә . Ж .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК